

**"Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2007 жылғы 22 тамыздағы N 235-ө  
Өкімі

1. Қоса беріліп отырған "Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 6 шілдедегі Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі - тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі белгіленген  
т ә р т і п п е н :

1) тізбеге сәйкес тиісті нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлесін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізісін;

2) тиісті ведомстволық нормативтік құқықтық актілер қабылдасын және қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

*Премьер-Министр*

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
2007 жылғы 22 тамыздағы

N 234-ө өкімімен бекітілген

**"Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 6 шілдедегі Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі**

| Р/с N | Нормативтік құқықтық актінің атауы   | Актінің нысаны                            | Орындауға жауапты мемлекеттік органдар | Орындау мерзімі  |
|-------|--|---|--|------------------|
| 1     | 2  | 3   | 4                                      | 5                |
| 1.    | Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 26 қарашадағы N 1237 қаулысына толықтырулар енгізу туралы | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | И С М (жинақтау), ЭБЖМ                 | 2007 жылғы тамыз |
| 2.    | Оператор компанияны айқындау ережесін бекіту туралы  | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | И С М (жинақтау), Қаржымині, ЭБЖМ      | 2007 жылғы тамыз |

|    |   |  |                             |            |       |
|----|---|--|-----------------------------|------------|-------|
| 3. | Арнайы экономикалық аймақтар мәселелері жөніндегі сарапшылық кеңес туралы ережені және оның құрамын бекіту туралы                       | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы                          | И С М (жинақтау), ЭБЖМ      | 2007 тамыз | жылғы |
| 4. | Жеке және заңды тұлғаларды арнайы экономикалық аймақтың аумағында қызметті жүзеге асыруға жіберу ережесін бекіту туралы                 | Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің бұйрығы | И С М (жинақтау), Қаржымині | 2007 тамыз | жылғы |
| 5. | Арнайы экономикалық аймақтардың қызметін регламенттейтін құжаттарды бекіту туралы   | Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің бұйрығы | ИСМ                         | 2007 тамыз | жылғы |
| 6. | Арнайы экономикалық аймақ туралы тұжырымдаманы, экономикалық негіздемені және ереженің жобасын жасау жөніндегі талаптарды бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің бұйрығы | И С М (жинақтау), ЭБЖМ      | 2007 тамыз | жылғы |

**Ескертпе** : аббревиатуралардың толық жазылуы:  
ИСМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі  
Қаржымині - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі  
ЭБЖМ - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі